



Сыр бойы

№113
(19596)
2 ТАМЫЗ,
БЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ



ҮКІМЕТ I



Санкт-Петербург қаласында Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысы өтті. Оған ҚР Премьер-Министрі В.Сағинтаев, РФ Үкіметінің Төрағасы Д.Медведев, Арменияның Премьер-Министрі Н.Пашинян, Беларусь Премьер-Министрі А.Кобяков, Қырғызстан Премьер-Министрі М.Абулгазиев, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Т. Саркисян қатысты.

ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

Шағын және кеңейтілген құрамда өткен отырыстар барысында интеграциялық өзара іс-қимыл, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердегі макро-экономикалық жағдайдың өзекті мәселелері және тұрақты экономикалық өсімді одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар қаралды. ЕАЭО цифрлық күн тәртібін жүзеге асыру, ауыл шаруашылығы, энергетика және көлік салаларындағы ынтымақтастық, кедендік реттеу, сонымен қатар, өнеркәсіптің басым салаларында кооперация және импортты алмастыруда интеграциялық өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Отырыс жұмысының соңында бірқатар қорытынды құжаттарға қол қойылды. БАҚ өкілдері үшін баспасөз конференциясы өткізілді, онда Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Т.Саркисян және РФ Үкіметінің төрағасы Д.Медведев журналистердің сұрақтарына жауап берді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 22-сессиясы **2018 жылғы 08 тамызда сағат 11:00-де** Облыстық мекемелер үйінің (Султан Бейбарыс к. 1) мәжіліс залында ашылды.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №157 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

2. Қосымша мәселелер. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы **08 тамызда сағат 10:00-де** өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

БҰГИНГІ САНДА I



БАСПАНАЛЫ БОЛУҒА ЖЕҢІЛДІКТЕР БАР



МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҒҰМЫР



СЫРЫ КЕТСЕ ДЕ, СЫНЫ КЕТПЕГЕН



MEZGIL MÁSELES I

ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ: ИГІ БАСТАМА ҮШ ЖЫЛҒА ҰЗАРТЫЛДЫ



Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыста жарияланған «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» аясында «Кәсіпкерлер үйін» таныстыру, кәсіпкерлік саласының дамуы мен өзекті мәселелерін талқылау мақсатында жиын өтті. Жиынға облыстық мәслихат, «Нұр Отан» партиясы, Қоғамдық кеңес, қала және аудан әкімдіктері, барлық мүдделі мемлекеттік органдар, қаржы институттары, өңірлік кәсіпкерлер палатасы мен бизнес-қауымдастық өкілдері қатысты. Облыста 2018-2020 жылдары жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы деп жарияланды.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту, тұрғындарды жұмыспен қамту мәселелерін шешу және жалпы ішкі өнімдегі өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін көбейту үшін Елбасының тапсырмасын орындау мақсатында облыс әкімдігі, мәслихат, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы, қоғамдық кеңес пен кәсіпкерлер палатасының бірлескен шешімінің нәтижесінде осындай байлам жасалды. Облыс әкімі бұл кезеңде бірінші басымдылық аймақта жаппай кәсіпкерлікті дамытуға берілетінін атап өтті.

– Мен бұған дейін бірнеше рет жаппай кәсіпкерлікті дамыту арқылы бір уақытта 3 маңызды мәселені бірден шешетінімізді айтқан болатыным. Біріншіден, ол салық базасының ұлғаюы, екіншіден, жаңа жұмыс орындарының құрылуы, үшіншіден, қоғамдық-саяси ахуал тұрақтылығын жақсаруы. Мұны дамыған елдердің тәжірибесі растайды.

Негізнен жаппай кәсіпкерлік деңгейі?

Себебі, бізде міндетті түрде жұмыспен қамту қажет 64 мыңнан аса жұмыссыз және өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтыған азамат бар, – деді аймақ басшысы.

Аталған азаматтардың басым бөлігі ауылдық жерлерде тұрғандықтан, ол жерлерде ірі өндірістің дамуы қиындау. Демек, тек қана шағын және орта бизнес арқылы жаңа жұмыс орындарын ашып, мәселенің шешімін табуға болады.

Бүгінде еліміздегі экономикалық белсенді халықтың үштен бір бөлігі қосымша күн салығын өндімейтін (НДС), қоғамдық өмірден тысқары тұрған «өзін-өзі жұмыспен қамтыған» азаматтар. Облыс әкімі көпекелі кәсіппен айналысатындардың қызметтерін заңдастырып, экономикалық айналымға барынша тартудың маңыздылығын атап өтті. Осыған орай, әсіресе шағын және орта бизнесті қолдаудың күшейтілуі – орта кластың негізі болып саналатын кәсіпкерлікті дамытудың алғашқы қадамы болмақ.

Ғалымдардың айтуынша, орта-кіші бизнес қоғамдағы бай мен кедейлерді теңестіретін жалғыз күш болып саналады.

Облыста экономика құрылымының 67 процентін тау-кен өндіру, мұнай және уран компаниялары құрайды. Облыс әкімі соңғы жылдары мұнай компаниялары өздерінің инвестициялық бюджеттерін биылғы және келер жылдарға да едәуір қысқартқанына тоқталды.

– БҰЛ – БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА, ӨНДІРІСТІҢ БОЛАШАҒЫНА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНДЫ ҚЫСҚАРТУ ДЕГЕН СӨЗ. СОНДА БІЗДІҢ ОБЛЫСЫМЫЗ ҮШІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ ЕҢ НЕГІЗГІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ НЕ? ӨРІНЕ, ИНДУСТРИЯ-ЛАНДЫРУ, ӨРТАРАПТАНДЫРУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУ, ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС, ӘСІРЕСЕ МИКРОБИЗНЕСКЕ ҚОЛДАУДЫ КҮШЕЙТУ.

Осыған байланысты, өткен жылы БІЗ РЕСПУБЛИКАДА БІРІНШІ БОЛЫП «БІР ТЕРЕЗЕ» ҚАҒИДАСЫМЕН ТОЛЫҚҚАНДЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРДЫҚ, БҮГІНДЕ БІЗДІҢ ӨЖІРІБЕМІЗДІ БАСҚА ДА ӨНДІРІП ҚОЛДАНАУДА, – деді АЙМАҚ БАСШЫСЫ.

2-бет

INFRAQRULYLM I



БАС ЖОСПАР: ҚАЛА ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Қызылорда қаласы жылы өткен сайын қанатты кенге жайып келеді. Құрылыс қарқыны бір бөседен емес. Үлкен биік ғимараттар көптеп бой көтеруде. Халық саны жөнінен өсім байқалады. Аталған оң өзгерістер 2009 жылы ел Үкіметі бекіткен қаланың бас жоспарына түзетулер енгізу қажеттілігін туындатты. Бұл, шын мәнінде, шаһардың ертеңі үшін ауқымды жоба.

Соңғы 5 жылда жаңадан 14 шағын аудан бой көтеріп, 7 мыңға жуық адам пәтерге ие болды. Облыстағы құрылыс жұмысының 43,8%-і Қызылорда қаласына тиесілі. 2017 жылдың ең үлкен жетістігі ретінде бас жоспарға сәйкес Сырдария өзенінің сол жағалауынан жаңа қала салына бастағанын айтуға болады. Бұрын бас жақтан аумақта құрылыс компаниялары көпқабатты тұрғын үйлер, балабақша, «Болашақ» университетінің студенттер қалашығы, жастар орталығын салып жатыр.

Ал Қазақ орталық атқару комитеті мұражайы ғимаратының құрылысы аяқталды.

Бас жоспарға өзгеріс енгізуге түрткі болған тағы бір себеп – демографиялық өсім. Қала халқының саны қазіргі күні 294 мың адамнан асты. Жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскесін алуға бүгінгі күні 60 мыңдай адам кезекте тұр. Тиісінше қала шекарасы кеңейуде. Қала аумағы бұған дейін 11 мың гектарды құраса, жаңа жоба бойынша 19,6 мың гектарға ұлғайтылып отыр. 2025 жылға дейін халықтың өмір сүру ортасын қалыптастырумен қоса, қаланың шаруашылық-экономикалық және перспективалық даму бағыттары ескеріле отырып, барлық инженерлік инфрақұрылым сызбалары да түзетілді. Бұрынғы бас жоспардың құрамынан Қызылжарма, Тасбөтет кентінің шекаралары алынып, қала аумағына «Қызылорда-Жезқазған» трассасы бойындағы жалпы көлемі 980, 150 және 670 гектар аумақ енгізілді. Бұл жаңа қоныстану аймақтарын қалыптастыруға зор ықпал етері анық.

Облыс орталығы жеке тұрғын үй құрылысы жаңадан қалыптаса бастаған «Бәйтерек» шағын ауданына қарай дамыса, көпқабатты тұрғын үйлер құрылысы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қаланы қарқынды дамытуға негізделеді. Алдағы уақытта «Бәйтерек» шағын ауданынан баспана салу мақсатында 3800 гектар аумақ ашу жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер кезегінде тұрған 22 мың азаматтың сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Осыған дейін аталған аудандағы 980 гектар аумақ қажетті инженерлік желілерімен қамтамасыз етіліп, 6600 азаматқа үлестірілген болатын. Бүгінде осы аумақтан қосымша 150 гектар жер телімі айырылып, инженерлік желілерінің жобасы дайындалды. Жобаны жүзеге асыру арқылы жер кезегінде тұрған 1267 адамның сұранысын қанағаттандыру жоспарланды.

Елді мекен санатында болмағандықтан, бірқатар саяжайды инженерлік желілермен

Елбасының биылғы Жолдауында құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізуде ғимараттардың сапасына мән беріп, экологиялық тазалығын, салынатын және салынған үйлер мен инфрақұрылымдық нысандарды интеллектуалды басқару жүйелерімен жабдықтауды, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын жетілдіру мәселесін мемлекет-жекеменшік серіктестігі негізінде белсенді шешуді тапсырды.

«АҚЫЛДЫ ҚАЛАНЫҢ» АЛҒАШҚЫ АДЫМЫ

Елбасының халықаралық қаржы ұйымдарының әлеуетін пайдалану тапсырмасына сәйкес, Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкімен бірлесіп, Қызылорда қаласының сумен қамту және суды бұру жүйесін қайта жаңғырту жобасы іске асырылуда. Жоба барысында облыс орталығының ауызсумен жабдықтау және суды бұру жүйесін басқару, жерасты ақауларын анықтайтын заманауи техникалар сатып алынып, пайдаланылуда.

Тұтынушылар тарапынан коммуналдық төлемдерді оңтайландыру мақсатында өткен жылдан бастап бірыңғай төлем құжаты енгізілді. Бүгінгі күні Қызылорда қаласы тұтынушыларының 80 проценттен астамы осы қызмет түрін пайдалануда.

2017 жылдың 1 шілдесінен бастап пилоттық жоба ретінде «Ақмешіт», «Мерей» шағын аудандарында бірыңғай төлем құжатын енгізу жобасы басталды. Бүгінгі күнге аталған жобаға қатысты барлық коммуналдық қызмет көрсететін мекемелер арасында бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі таңда автоматты түрде телефон және СМС арқылы ескерту функциялары әзірленуде. Өткен жылдың қыркүйек айында өткізілген мемлекеттік конкурстың нәтижесінде «Қызылорда тазалығы» ЖШС, «Тұрғын үй қызметі» МКК және «Энергосервис» ЕЖШС мен биллинг бағдарламасын әзірлеу, бірыңғай төлем жүйесіне енгізу, төлемдерді қабылдау бойынша келісім-шарттар жасалынып, «Қызылорда тазалығы» ЖШС-ның 15 мың, «Тұрғын үй қызметі» МКК – 16 мың тұтынушысы биллинг бағдарламасына енгізілді. Жыл басында электр, жылу энергиясы, «Қызылорда тазалығы» ЖШС және «Тұрғын үй қызметі» МКК-нің, ішінара су мен су бұру коммуналдық қызметтері қалыптастырылған 79 мың бірыңғай төлем құжаты таратылды.

Қауіпсіз үй жобасы бойынша, «Қазақтелеком» АҚ филиалымен, көпқабатты үйлерінің кіреберісіне бейнебақылау жүйесін орнату жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында ағымдағы жылы көпқабатты үйлердің 588 кіреберісіне және бірінші қабаттарына бейнебақылау камералары орнатылды.

Жоба Қызылорда қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлердің және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Ақылды» электр желілері бойынша 2018-2019 жылдары Қызылорда қаласында және қала аумағында орналасқан 300-ден аса көпқабатты үйдің 10/0,4 кВ қосалқы стансаларының шкафтарында орналасқан 600 электр энергиясын есептегіш құралын электр энергиясын бақылаудың автоматтық жүйесіне енгізу жоспарлануда.

Қала инфрақұрылымының дамуы және жаңа су құбырлары желілері құрылыстарының жүргізілуіне байланысты, тұрғындардың саны артып, тиісінше су тұтыну көлемінің артуы салдарынан ысыраққа жол берілуде. Осы орайда сумен қамту және су бұруды бақылау жүйесі жобасы аясында сумен қамту жүйелерін жаңғырту және жасқарту мақсатында Қызылорда қаласының бюджеттік мекемелерінде модермен жасқартқан су есептегіш құралдарын орнату жоспарлануда.

Бұл бағыттағы жұмыстар бұдан әрі жалғасын табатын болады.

М.УСАИН,
облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».



Осы ғимаратта «Кәсіпкерлер үйі» орналасқан

Жаппай кәсіпкерлікті қолдау: ИГІ БАСТАМА ҮШ ЖЫЛҒА ҰЗАРТЫЛДЫ

Кәсіпкерлерге, әсіресе, болашақ кәсіпкерлерге қолдау таныту, барынша қолайлы жағдай жасау мақсатында бұл бизнес-орталықта облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы, өңірлік кәсіпкерлер палатасы, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы, мемлекеттік-жекешелі әріптестік орталығы, өңірлік инвестициялық орталық және басқа да мекемелер орналасқан.

Жынында облыс әкімі аталған орталық енді «Кәсіпкерлер үйі» деп аталып, облыс әкімдігінің қолдауымен жұмыс істейтінін атап өтті. Кәсіпкерлер үшін бұл жерде «бір терезе» қағидаты бойынша барлық қызметтер көрсетілетін болады.

Бизнесті дамыту мәселелеріне жетекшілік ететін әкім және оның орынбасары жаппай кәсіпкерлікті дамытуға жеке жауапты. Ал оның орынбасарлары болып аудандық және қалалық кәсіпкерлер палаталарының, қалалық және аудандық кәсіпкерлік бөлімшелерінің басшылары бекітіледі. Биыл осы мақсатқа арнайы Жол картасы аясында әртүрлі қаржы көздерінен 32 млрд теңге қаржы бөлінген. Мұнан өзге, облыстағы барлық ауылдық округтерге жаппай кәсіпкерлікті дамытуға көмек ретінде өңірлік деңгейдегі басшылар тағайындалған. Олар жергілікті жердегі әріптестеріне «Мен сияқты жұмыс жаса» қағидасын ұстанып, үлгі көрсетуге тиіс.

Ал «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы билік партиясы ретінде олардың шынайы үлесін, атқарған жұмысын бағалайды.

– Үш жылдың аясында біз тек қана кәсіпкерлікті дамытумен ғана емес, елдің еңсесін көтеретін саяси, экономикалық және әлеуметтік маңызды мәселені түбегейлі шешеміз, – деді облыс әкімі.

Жыны соңында аймақ басшысы бұл жұмысқа саяси баға берілуі тиістігін, мәселеге салғырттық пен жауапсыздық танытуға болмайтынын нықтап айтты.

– Елбасының тапсырмаларын орындауда бірлескен күш-жігер мен тиімді үйлестірілген жұмыс арқылы кәсіпкерлік жылдарында оң нәтижелерге қол жеткіземіз деп сенемін, – деп қорытындылады облыс басшысы.

Мұнан кейін облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен кәсіпкерлік жылы мәселесі бойынша селекторлық жиын өтті.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту бір уақытта 3 маңызды мәселені, сондай-ақ, жұмыссыздар мен өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтыған азаматтарды жұмыспен қамту мәселесін шешеді. Осы мақсатта өңірде Бірыңғай жол картасы әзірленген болатын.

Жынында облыс әкімі Жаппай кәсіпкерлікті дамыту бойынша Бірыңғай жол картасындағы 5 негізгі көрсеткішке тоқталды.

Бірінші көрсеткіш – жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің санын 40 мыңға дейін ұлғайту. Бүгінде аталған көрсеткішке қол жетсе де, тоқтап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны өсуде.

Жұмыс жасап тұрған субъектілердің үлесі 77,7 процентті ғана құрайды. Ал облыс жыл қорытындысымен нақты жұмыс жасап тұрған субъектілердің үлесі бойынша мұнан жоғары көрсеткішті бағындыруы қажет. Осы орайда, аймақ басшысы жеке кәсіпкер, жеке құрылым ретінде тіркеліп, бірақ жұмыс істемейтіндерді сыңға алды.

Жол картасындағы екінші көрсеткіш бойынша, микро, шағын және орта бизнеске кемінде 90 мың тұрақты жұмыс орнын құру қажет. – Бүгінгі күні шағын және орта бизнес саласында 83 мың адам жұмыспен қамтылған. Жыл соңына дейін кемінде 7 мың жаңа жұмыс орнын құру қажет. – Ол үшін микробизнестің, орта-кіші бизнестің дамуына және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді, әсіресе «Стартап» жобаларды қолдауға ерекше көңіл бөлу керек.

Біз республикада бірінші болып жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың микро-несиелерді алу арқылы өз кәсіптерін ашып, жүргізуі үшін Өңірлік инвестициялық орталықты құрдық. Жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың жұмысқа орналасуы бойынша барлық мүмкіндіктерді пайдалану керек. Оған қоса, Өңірлік инвестициялық орталықтың, кәсіпкерлер палатасы мен халықты әлеуметтік қорғау органдарының өзара тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету қажет, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» аясында 100 айлық есептік көрсеткішке дейін 240500 теңге қайтарымсыз гранттар қаралған. Мәселен, шағын тігін немесе ыстайтын (копильный) цех ашу үшін жұмыссыз азаматтарға қажетті жабдықтар және еңбек құралдарын алуға болады.

Облыс әкімі осыған сәйкес, облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы өңірлік кәсіпкерлер палатасы және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып, тез арада комиссия құрып және аталған қаражаттың ашық берілу тегінін анықтап, ең алдымен ондай көтермелі (льготный) қаражатты «Стартап» жобаларға, сондай-ақ отбасылық бизнестің дамуына беру керектігін айтты.

Үшінші көрсеткіш бойынша, облыс өткен жылдың қорытындысымен 2 млн теңгеден астам жылдық айналымы бар 8 мың 327-ден аса шағын және орта бизнес субъектілерін құру қажет. Қазіргі таңда бұл көрсеткішке кәсіпкерлердің салық органдарына өткен жылға қосымша декларацияларды тапсыру арқылы қол жеткізілген. Ал билығы жоспар – 2 млн. теңгеден астам жылдық айналымы бар 9 мыңнан аса шағын және орта бизнес субъектілерін құру.

Төртінші көрсеткіш бойынша, облыс жалпы қосылған құнға (ВРП) шағын және орта бизнестің үлесін жыл қорытындысымен кемінде 192 млрд. теңгеге жеткізу тиіс. Айталық, қала және аудан әкімдері электрондық сұраныс есептеп дамытуы керек.

Аймақ басшысы әкімдер тұтынушылардың қолма-қолсыз төлемі үшін шағын және орта бизнесте қанша «пост-терминалдар» бар екендігін, электрондық сауданың қандай деңгейде дамып жатқандығын нақты білуі керектігін атап өтті. Сондай-ақ, бұл мақсаттарға жету үшін барлық деңгейдегі әкімдер салық органдарымен бірлесіп «қолма-қол ақша табуға» үйренген кәсіпкерлерді көлекенден шығарып, «пост-терминалдарды» орналастыру бойынша екінші деңгейлі банк филиалдарының басшыларымен бірлесу керек.

Жол картасындағы бесінші көрсеткіш бойынша облыс ағымдағы жылдың қорытындысымен жалпыөнімдік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін кемінде 15 процентке ұлғаюына қол жеткізуге тиіс.

Өткен жылдың қорытындысымен шағын және орта бизнестің үлесі 13,8 процент болу жоспарланса, ол 13,3 процентті құраған. Облыс әкімі жауапты тұлғаларға 3 жыл ішінде шағын және орта бизнестегі жалпыөнімдік өнімнің үлесін 25 процентке дейін күрт ұлғайту керектігін және бұл негізгі тапсырма екенін нақтылады. Сондай-ақ, жиын барысында барлық аудан және Қызылорда қаласының әкімімен жалпыөнімдік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін ұлғайту мәселесін талқылап, нақты тапсырмалар жүктелді.

Мұнда Жаңақорған ауданы журда облыс орталығы болған іргелес Түркістанға не қажет, соны шығару, барынша тиімді жұмыс жасау керектігі турасында орнықты ой айтылды.

Облыс әкімі мемлекеттік қолдау алып отырған барлық кәсіпкерлер салық төлеуге міндетті екенін баса айтты. Бұл – қала және аудандар мен әрбір ауылдық округтер әкімдерінің жауапкершілігі жұмысы. Осы орайда жергілікті жерге бекітілген жауапты тұлға – облыстық мемлекеттік орган басшылары да өздерін көрсетуі қажет.

Өңірлік инвестициялық орталық арқылы немесе қаржы институттары арқылы несие алып, бірақ несесін қайтармап отырған ауылдық округ болса, онда оны қаржыландыруды тоқтатамыз. Бұдан бөлек, кәсіпкерлікке жетекшілік жасайтын қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары жаппай кәсіпкерліктің дамуына жеке жауапты. Ал олардың ықпалды орынбасарлары аудандық кәсіпкерлер палатасы мен қала және аудандық кәсіпкерлік бөлімдердің басшылары болуы қажет, – деді облыс әкімі.

Жынында айтылғандай, облыста кәсіпкерлікті жаппай дамыту бойынша үш жылдық жұмыстардан ары жандана түседі. Себебі, бүгінгі нарықтың заманда әрбір ауылдың, әулеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту ретінде қана жаппай кәсіпкерлікті дамыту арқылы ғана мүмкін болмағын уақыт көрсетіп отыр.

Ендігі жерде тоғыз ай қорытындысы бойынша жауапкершілік қатан сұралатын болады. Ол үшін барлық деңгейдегі әкімдер, жауапты тұлғалар тікелей міндетті.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

МАҢІЛІСІ

БАСПАНАЛЫ БОЛУҒА ЖЕҢІЛДІКТЕР БАР

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік тұрғын үй құрылысы және ипотекалық несиелеу бағдарламалары тұрғындардың басым бөлігіне қаржылай қоры мен тұрақты табыс көзі бар болған жағдайда жеңілдетілген негізде тұрғын үй алуға мүмкіндік беруде.

Аталған мәселенің маңыздылығын ескере отырып, облыс әкімдігінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің ұйымдастыруымен мәжіліс өтті. Оған «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиалы, тұрғын үй құрылысы саласындағы мемлекеттік мекемелер мен жеке компаниялардың басшылары қатысты.

Облысымызда бой көтеріп жатқан тұрғын үй саны жыл сайын артып келе жатқанын білеміз. «7-20-25» жаңа ипотекалық бағдарламасы азаматтарды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуге зор серпін береді. Осы бағдарламаның игілігін көріп, арманындағы баспанаға қол жеткізуді мақсат етіп жүрген мемлекеттік қызметкерлер де бар. Сондықтан ұзақ жылдарға несие алып баспаналы болғалы отырған мемлекеттік қызметші 20 жылдан кейін де өзінің құнын жоғалтпайтындығына баспанаға қол жеткізу үшін мемлекеттік қызметшілер үшін салу туралы бастаманы көтеріп отырмыз, – деді департамент басшысы А.Мухимов.

Аймақта мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғау шаралары жағдайына байланысты департамент мониторинг жүргізген болатын. Онда қала және барлық аудандар толық қамтылды.

Қазіргі таңда облыста мемлекеттік



қызметшілердің штат саны 3738 бірлік болса, мемлекеттік қызметшілердің нақты саны 3567 адамды құрап отыр. Жүргізілген талдау нәтижесі көрсеткендей, облыстағы мемлекеттік органдардың 56 қызметкері тұрғын үймен қамтамасыз етілген. Облыс көлемінде жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерден қызметтік үй алуға жалпы 85 өтініш берілген. Мемлекеттік органдармен ұсынылған ақпаратты саралау барысында облыс көлемінде 1389 мемлекеттік қызметші тұрғын үйге мұқтаж екендігі анықталды. Оның ішінде тұрғын үй қатынастарын реттейтін заңнама талап-

тарына сәйкес 396 қызметкер тұрғын үй кезектілігіне алынған.

«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиал директоры Әділжан Саулебаевтың мәлімдеуінше, Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай, сол жағалаудан пәтер алу үшін жеңілдіктер қарастырылып отыр. Яғни, 1 шаршы метрі 140 мың теңгеден 120 мың теңгеге дейін арзандатылған. Аймақ кетуі керек, жылдың аяғына дейін 14 үй пайдалануға беріледі. Демек, 604 отбасы жаңа баспанаға қол жеткізеді.

Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы».

BRIFING I

БЮДЖЕТ: ТҮСІМ БЫЛТЫРҒЫДАН ЖОҒАРЫ

салық көлемі 33,5 млрд теңге, өткен Оның айтуынша, биылдан бастап

Сейсенбі күні өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс бойынша мемлекеттік қорғау департаментінің басшысы Серік Мұстафаевтың қатысуымен брифинг өтті. Онда Елбасы Жолдауынан туындайтын мемлекеттік кірістер органдарының алдындағы міндеттер мен осы жылдың бірінші жарты жылдығында жүзеге асырылған жұмыс сөз болды.



жылмен салыстырғанда 6,6 млрд теңгеге артық.

– Осімге қол жеткізудің негізгі себептері облыстың макроэкономикалық көрсеткіштерінің жақсаруы. Яғни, өңдеу өнеркәсіп өнімдері 100,5%-ке, құрылыс көлемі 115,9%-ке, ауыл шаруашылығы өнімдері 102,7%-ке өсті. Кіші кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 6,4%-ке артып отыр. Салықтық және кендік әкімшілендірудің күшейтілуі арқасында 14,2 млрд теңгенің қосымша кіріс көздері қамтамасыз етілді. Бизнеске қолайлы жағдай жасау аясында салықтық тексерулер саны өткен жылмен салыстырғанда 46%-ке азайды. Тексерулер нәтижесінде 8 млрд теңгенің қосымша салықтары есептеліп, алдыңғы жылдардағы сомаларды қосқанда 10,4 млрд теңге өндірілді, – дейді облыс департаменті басшысы Серік Мұстафаев.

Брифинг барысында ол IV деңгейлі бюджеттің енгізілуі жайында сөз етті.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

КАСІП I



ЖАЙЫЛМАНЫҢ ҚАРБЫЗЫ ЖАРТЫ ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ

Нарықтық қатынас сұранысқа сай кәсібін өрістетіп, еркін қимылдауға, көзін таба білсе, кім-кімнің де бақуатты өмір сүруіне жол ашады екен. Соңғы жеті-сегіз жылдың көлемі болды Жаңақорған ауданы, Жайылма ауылының тұрғындары бақша дақылдарын ерте көктемде етіп, өзгерген бұрын саудаға шығаруға қол жеткізді. Бұрындары әлден жол бойында қарбызын құшақтап тұратын бұл күндері егісінің басында отырып-ақ, қалта телефоны арқылы алушымен мәміле жасап, саудасын қыздырған жайы бар.

– Ең бастысы – тұрғындардың жұмыспен қамтылып, адал бейнетімен нәпақа айыруы ғой. Біздің ауылда толымды шаруалар атқарылып отыр деп айта аламыз, – дейді ауыл әкімдігінің бас маманы Икрам Әбуов. – Билдың өзінде ауыл әкімдігінің есебінде тұратын 13 шаруа қожалығы 409 гектар жерге бақша дақылын, 35 гектар көкөніс орналастырды. Мұнан

өзге 30 гектар картоп, 51 гектар дәндік жүгері, 103 гектар ескі жоңышқа бар.

Әрине, келтірілген әрбір санның артында қыруар шаруаның төбесі көрінері анық. Әлгі дақылдардың барлығы өнімге айналып, ауыл тұрғындарының қорына қаржы қосады, тұрмыстық жағдайын жақсарта түседі. Сонда әрбір тұрғын белгілі кәсіпке иелік етіп, еңбек етеді деген сөз. Біреудің қолына, біреудің аузына қарап күн көргеннен, әрине, өзінің күшіне сеніп, іс қылған жүз есе артық. Осы орайда жайылмалықтардың ұмтылысы ерекше.

Биыл облыста «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» жарияланып, атқарушы орындар тарапынан зор қолдау білдіріп отырғандығы баршаға мәлім. Бұл үлестен жайылмалықтар да құр қалмай, өзіндік мүмкіндігін атсалысу үстінде. Ауыл әкімі Талғат Зейдалиев те шалымды жігіт екен, бәрін орайластырып, ерте көктемнен бері зыр жүгіріп жүр. Нәтижесінде «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорымен» нақтылай байланыс орнатылды. 11

кәсіп иесі 6 проценттік несие үстемесімен 18 млн теңге алуға қол жеткізді. Әрине, мұның бәрі егішшілік саласын өрістетуге жұмсалып келеді. Олардың өздері 52 гектар жерге бақша дақылдарын орналастырыпты.

– Дикандық – өміршен кәсіп. Өзім сырқаттанып қалуыма байланысты шаруа қожалығының тізгінін балама беріп едім, еңбекке әбден көзі қанығып өскен жас жұмысты қожыршатып алып кетті. Соған қуанамын, – дейді ауыл шаруашылығы саласының байырғы маманы Әлімбай Шидербаев.

Айтпақшы, қарбыздың бір гектарынан күтіміне сай 40-50 тонна өнім алуға ауылдағы тансық емес. Жылда әр келісі 10-15 теңгеден саудаланатын қарбыздың бильғы бағасы шарықтап тұр. Сұрауы 35-40 теңгені өзі айттып, шықарлатып теңгесін санап беріп, өзі артып алып кетеді. Бұл әрине, шаруа адамы үшін қолайлы. Көзін тауып, еңбек еткен тарақыпайды деген осы.

Нұрмахан ЕЛТАЙ, Жаңақорған ауданы.

JADIGER I



СЫРЫ КЕТСЕ ДЕ,
СЫНЫ КЕТПЕГЕН

«Өткеніңді білмейінше болашағыңды болжай алмайсың» деген халқымызда дана сөз бар. Сондықтан бүгінгі күні тарихты танып, ескі дүниелермен сусындауа елімізде музейдің орны ерекше болмақ. Музейді ескі жәдігерлер мекені дегенімізбен ол жерде экспонаттар залынан бөлек қаншама байлықты қойнына сыйдырып отырған қордың бар екенін біріміз білесек, біріміз біле бермейміз. Жұырда облыстық тарихи өлкетану музейінің қорындағы дүниелерді көрудің сәті түсті. 55 мыңнан аса экспонаттар жинақталған қорда тарихтың көне көмбесіне күз болдық. Ең алдымен айрықша көзге түскені турлі салаларда қызмет атқарған еңбек ардагерлерінің латын тіліндегі құжаттары болды. Қызығушылығымызды аңғарған болар бас қор сақтаушы Аманкүл Нұржанова сарғайған сары қағаздарды алдыма әкеліп, әрқайсысының тарихын зерделеп, қордың қызметін баяндап берді.

дейді бас қор сақтаушы. Байқағанымыздай, латын тіліндегі құжаттар негізінен білім саласы бойынша берілген. Бұлардың арасынан Қарақалпақ ауданындағы ағарту бөлімінің мұғалімдік қызмет атқарғаны үшін берілген Рахым Алшынбаевтың құжатын, Жаңақорған аудандық ағарту бөлімінде мектеп инспекторы болған Әли Бимұхамбетовтің оқу халық комиссариаты Қазақстан білім қоры институтының 2 жылдық педучилищесін бітіргендігі туралы аттестаты, Ақмешіт уезінде ұйымдардың өкілетті елшілік атқарған Ержан Сүгіралиннің өмірбаяны және 1936 жылы берілген делегаттық билеті, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, екі мәрте Ленин орденінің иегері Низамитдин

– Мұндағы жәдігерлер 1968 жылдан бері сақталуда. Қордың негізгі міндеті келген заттарды тудан, тіркеліп, зерделенген дүниені қабылдау. Бұл ретте біз мұндағы әрбір жәдігерді көздің қарашығындай сақтап, тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында жұмыс

жасаймыз. Қайсысы болмасын барлығының өзіндік тарихы бар. Бірін кейбір адамдардың ұрпақтары өткізіп жатса, енді бірін музейдің ғылыми қызметкерлері жинақтап әкеледі. Мен үшін бұл жер ерекше. Себебі, тарихи оқиғалар мен көне қазынаның сырына қанығасиң, –

KORERMEN KOZAIYMY I

«ШАБДАЛЫ» –
ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

«Шабдалы» толық метражды көркем фильм біылғы XIV «Евразия» кинофестивалінің аясында алғаш рет көрермен назарына ұсынылған болатын. Бұл фильм жерлесіміз, белгілі жырау Алмас Алматовтың әңгімесінің желісі бойынша түсірілген. Көркем туындының идея авторы Мұхамеджан Тазабек, режиссері Жандос Құсайынов. Сеісенбіде аталған фильмді «Жібек жолы» кинотеатрында сырбойылық көрермендер тамашалады.



басқа арнаға бұрып әкетті. Жас ару махаббат «машақатын» бастан кешті. Өзі шамалас Ертай есімді жігітті ұнатып, мәңгілік бір болуға сөз байласты. Ал анасы бұл жағдайдан тітті бейхабар. Өйткені өзінен үлкен үміт күтіп отырған анасына бұл шешімін айтуға Әселдің жүрегі дауаламаған еді. Содан не керек, құрбанына бір жапырақ хат қалдырған Әсел сүйген жігітінмен қол ұстасып кете барды.

Иә, атам қазақ айтпақшы, бұйрық деген осы шығар, сірә?.. Әу баста «Оңтүстік өңірдің жігітіне тұрмысқа шықпаймын» дейтін ерке Әсел Жетісай ауданының түкпіріндегі бір елді мекеннің жігітінің етегінен ұстады. Үміт артып, үкілеп ұшырған қызының бұл қылығы анасының ашуына тиді. Бір жағынан «Оны күштеп алып қашып кетті» деген ой маза берер емес. Қалай болғанда, жастайынан тұрмыс құрып, тіршіліктің қамытына жетілген қызын қайтып әкелмекке бекінеді. Осы оймен Жазира «Жетісай қайдасың?» деп тартып отырды. Әр түрлі ойдың құрсауында әбгер болған ана байғұс жол азабын әбден тартты. Ауылдың шетіндегі үйге терісіне сыймай, ашуға булығын әзер жетті. Алайда қызының қаперінде еш алаң жоқ. Өз өміріне риза. Отбасына деген сый-құрметі ерекше. Қанша қыстаса да, қызының бұған еріп, елге қайтатын ойы жоқ. Ама! қанша, анасы райынан қайтты. Қудасы сол өңірге сыйлы адам екен. Көп жылдан бері бау-бақша өсірумен айналысатын. Ол бір сөзінде «Қудағи, мына шабдалы ағашын сізге сыйладым. Алла бұйырса, жемісін көресіз» – деді. Жазира түк түсінбеді. «Қалыңмалдың жөні бір басқа. Бұған шабдалының қандай қатысы бар?» деп ойлады ол...

Киноның басты кейіпкері – Ана. Жолдасы кезінде беделді прокурор болған, тұрмысында аса таршылық көрмеген келіншектің бойында бір ерекше батылдық бар. Күйеуі беймезгіл өмірден өтіп, отбасының жауапкершілігі өзінің иығына түскен Жазираның жалғыз арманы – қызын жұрт қатарлы оқытып, қалам ұшынан нан табатын қызметке қоюсаң дейтін. Анасының бұл талабын қыз да күл көретін. Әкесінің жолын күшіп, прокурор болуды армандайтын. Елпiктей ерке қыз Әсел арман қала – Астанаға келіп, өзі тандаған оқу орнына түсті. Бала кезден арман болған мамандығы бойынша жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітірді. Анасының қуанышында шек жоқ! Оның ендігі бар ойы – қызын жұмысқа орналастыру. Әрине, жас маманға жұмыс табу оңай емес. Талай есікті тоздырды. Әзер дегенде, бір жұмыс табылып, әжептәуір «сый-сыяпатын» беріп, көңілін бірген еді...

Неге екенін, қызы бұл жұмысқа барудан бас тартты. «Анашым, алаң болмаңыз, өзін ізденіп, жұмыс табамын» – деген қызының сөзін қаперіне алмаған Жазира «Менің айтқанымнан асып қайда барасың?» – деп іштей өз-өзіне сенімді болатын. Бірақ олай болмады...

Астанада оқып жүрген Әсел күнделікті қат-қабат тірліктің арасынан кейде көңілін селт еткізер оқиғаларға кез болып қалатын. Осындай бір оқиға бойжеткеннің өмірін мүлде

Ғазиза ӘБИЛДА, «Сыр бойы».



Жәнібек МАХАНБЕТ, қолөнер шебері:

ТАЗА ЖҮРЕКТЕН
ТАЗА ТУЫНДЫ
ШЫҒАДЫ

«Өнер таусылмас қазына, жұтамас байлық», – дейді дана халқымыз. Ал осы құндылықты әлемдік дәрежеге шығарып жүрген белгілі шеберлер бар. Соның бірі – Жәнібек Маханбет. Жұырда шебермен

– Өзіңіз айтқандай қолөнер ойлау қабілетін арттыратын үлкен ықпалға ие. Қазір бұл кәсіптің дамуы қалай?

– Қолөнер бұйымдарының ұмыт болғандары көп пе, қайдан жаңғырту ісі жүзеге аса ма?

– Жәнібек Асанұлы, айтыңызшы, қолөнер жеке тұлғаның қалыптасуына қаншалықты әсер етеді?

– Қолөнердің дамуына кедергі көп. Ең бірінші, әрбір адам саналы түрде оянып, не нәрсеңіз пайдалы, ненің зиян екенін ұғыну қажет. Қазір химиялық жолмен әзірленген ойыншық, киім-кешек, тамақ және тағы сол секілді бұйымдарды күнделікті тұтынудамыз. Ақиқатында, осыдан аурудың түрі көбейеді. Табиғи жолмен дайындалған бұйымдарға ұлттық тұрғыда назар аударсақ, елдің денсаулығы да, дәстүрлі өнеріміз де дами түсер еді. Мысалы, ағаш ыдыстар денсаулыққа, асты сақтауға пайдалы. Қарапайым ғана мысал, тамақ ішкенде ерінің күйіп қалмауға себеп болады. Тез суып кетпеуіне, дәмнің бұзылуына әсер етеді.

– Біздің жасаған дүниелер ата-бабаларымыздың жұмыстарынан әлдеқайда төмендеу. Ол кезде қарапайым құралдар арқылы халықтың сұранысын өтеген. Біз тек солардың үлгілерін түрлендіріп, заманға сай жаңғыртудамыз. Ұлттық қолөнер – бабадан қалған мәдени мұраның ең асыл құнды қазынасы. «Өнер көзі халықта» деген, алдымен өнерді халықтан үйреніп, көне мұраны жаңғыртып, ізденіп есік асыру перзенттік парымыз деп түсіну керек.

– Жастарды қолөнердің тәрбиелік мәні арқылы оқыту кезінде дүниеге, білімге, өзіне деген көзқарасын қалыптастырып, шығармашылыққа баулимыз. Ойға алған туынды сәтті шығу үшін жүрегің таза болуы керек. Қазіргі кейбір жастар тәзімсіз, істің басын бастап, аяқсыз қалдырады. Жалпы, осы өнермен айналысу арқылы адам бойындағы жаман қасиеттерді жеңуге болады. Бұл тәзімділікке, алға қойған мақсатына жетуге, ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді. Еңбек үстінде шығармашылық ізденудің нәтижесінде көптеген қолөнер туындылары дүниеге келеді. Сол арқылы халықтың ілтипатна бөленесің. Іштей өсу, түлеу болып, ынтаң арта түседі.

– ЭКСПО көрмесінде болдыңыз, туындыларыңызды апардыңыз, алған әсеріңіз қандай?

– Иә, ЭКСПО көрмесінде бастан-аяқ болдым десем де болады. Қазақстан қолөнершілер одағының мүшелері бас көрсетіп, Үздік деп бағаланған қолөнер бұйымдарымызды алып бардық. Жоғары деңгейде өткізілген шарада шетелдіктер жұмыстарымызға оң бағасын берді. Әсіресе, Польшадан, Ресейден, Түркиядан келген қонақтар қызығушылық танытып, кейбір бұйымдарымды ұнатып, сатып алғандары да болды. ЭКСПО көрмесінде біз өзіміздің ұлттық дүниелерімізді әлем елдеріне таныта да, көрсете де алдық деп ойлаймын.

ПӘТЕРЛЕР САТЫЛАДЫ

"Асар Холдинг ЛТД" ЖШС (БСН 040140007423) Желтоқсан 11 "В" "Құралай" кешені және Желтоқсан 3 үй "Ақбаян" кешеніндегі сатылатын 1,2,3,4 бөлмелі пәтерлер бар. 7-20-25 мекемелік бағдарламасымен екінің деңгейдегі банктер арқылы несие алуға болады. Шаршы метрінің құны 185 000 теңгеден. Хабарласу телефоны: 8 701 566 07 44. (4-3)

Сұхбаттасқан Арайлым ӨМІРБЕК, Қорқыт ата атындағы ҚМУ студенті.

Көзекші редактор Сара АДАЙБАЕВА.

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43 Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер: руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28731 Тапсырыс №1218